

Темір ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 16 қаулысы . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 ақпанда № 4743 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері, осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Қалмағанбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б.Қаниев

Темір ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілді

Темір ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар

1	Темір ауданы	822	-	-	-	-
---	--------------	-----	---	---	---	---

Кестенің жалғасы:

Мектепке жан басына		дейінгі шаққанда		ұйымдарда бір		қаржыландырудың айдағы мөлшері (теңге)	
Балабақша		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар		Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	-	-
28000	36500	-	-	-	-	-	-

Кестенің жалғасы:

Мектепке бір		дейінгі айдағы		ұйымдарда төлемақы		ата-аналарының мөлшері (теңге)	
Балабақша		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар		Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
7000	-	-	-	-	-	-	-